

«Бекітемін»

«Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық

журналының бас редакторы

М. Тыныбаева

» сәуір 2023 ж.



## «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналының мақалаларын РЕЦЕНЗИЯЛАУ ТӘРТІБІ

«Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналының редакциясына келіп түскен барлық ғылыми мақалалар міндетті түрде екі жақты анонимдік («жасырын») рецензиялаудан өтеді (рецензенттер авторларды білмейді, қолжазба авторлары рецензенттерді білмейді). Журналдың редакциясында ғылыми мақалалардың қолжазбаларын рецензиялау оның жоғары ғылыми-теориялық және практикалық деңгейін қолдау мақсатында жүзеге асырылады.

«Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналында жариялау үшін ұсынылған қолжазбаларды рецензиялау тәртібі:

1. Ғылыми мақала «Антиплагиат-Казakhstan. Эксперт» жүйесі арқылы көшірілген мәтіннің бар-жоқ болуына тексеруден өтеді, содан кейін жауапты хатшы ғылыми мақаланы рецензиялауға жібереді.

2. Жасырын рецензиялау үшін жауапты хатшы рецензенттер тізімінен тиісті бейіндегі мамандарға авторларды көрсетпей мақалаларды жібереді.

3. Рецензенттер рецензияланатын мақаланың тақырыбы бойынша танылған мамандар болуы тиіс.

4. Рецензияланатын жұмыстың тең авторы, ғылыми дәреже ізденушілерінің ғылыми жетекшілері рецензент бола алмайды.

5. Рецензенттерге рецензиялауға ұсынылған қолжазбалар авторлардың зияткерлік меншігі болып табылатыны және жариялауға жатпайтын мәліметтерге жататыны туралы хабарланады.

6. Рецензент қолжазбаны 2-3 апта ішінде бағалауға міндетті.

7. Ғылыми мақаланы сараптамалық бағалау нәтижесінде рецензент:

- мақаланы жариялауға ұсына алады;
- мақаланы жөндеуге жібереді;
- мақаланы қабылдамауды ұсына алады.

8. Рецензенттің түсініктемелері мен ұсыныстары (оның жеке деректері көрсетілмей) авторға жіберіледі.

9. Егер рецензияда мақаланы түзету және пысықтау бойынша ұсынымдар болса, журналдың редакциясы мақаланың жаңа нұсқасын дайындау кезінде осы ұсынымдарды ескеру немесе оларды дәлелді (ішінара немесе толық) теріске шығару ұсынысымен рецензияның мәтінін мақала авторына жібереді.

10. Автор пысықтаған мақала рецензиялауға қайта жіберіледі.

11. Автор материалдарды пысықтаудан бас тартқан жағдайда, ол редакцияны өзінің мақаланы жариялаудан бас тартқаны туралы жазбаша немесе ауызша нысанда хабардар етуге тиіс. Егер автор рецензенттің жауабы жіберілген күннен бастап бір ай өткен соң мақаланың пысықталған нұсқасын ұсынбаса, редакция мақаланы есептен шығарады. Мұндай жағдайларда автор қолжазбаның тіркеуден шығарылғаны туралы пысықтауға бөлінген мерзімнің аяқталуына байланысты хабардар етіледі.

12. Егер автор мен рецензенттерде қолжазбаға қатысты шешілмейтін қайшылықтар туындаса, шешімді редакциялық алқа отырысында бас редактор қабылдайды.

13. Қолжазбаны жариялаудан бас тарту туралы шешім рецензенттердің ұсынымдарына сәйкес редакция алқасының отырысында қабылданады. Редакциялық алқаның шешімімен жариялауға ұсынылмаған мақала қайта қарауға қабылданбайды. Жариялаудан бас тарту туралы хабарлама автордың жеке кабинетіне жіберіледі.

14. Оң рецензияның болуы мақаланы жариялау үшін жеткілікті негіз болып табылмайды. Жарияланымның орындылығы туралы түпкілікті шешімді редакциялық алқа қабылдайды. Жанжал жағдайында шешімді бас редактор қабылдайды.

15. Редакциялық алқа өздері қабылдайтын шешімдерге қатысты авторлармен пікірсайысқа қатыспайды.